Ахмет Байтұрсынұлының кесілген «Мәдениет тарихы» кітабы Олардың кейбірі төте жазумен басылып шыққан. «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», «Қазақ тіл білімінің мәселелері» еңбектері қазіргі күнге дейін құнды оқулық саналып келеді. Сол кездегі үкімет соңғы еңбегінің бірі — «Мәдениет тарихы» кітабының көп тиражбен шығуына тосқауыл болып, жарық көргеннен-ақ жыртқызған. Онда қазақтың мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық ерекшеліктері жайында жазылған. Сол замандағы басты екі мәселе — қазақ мектептерінің жабылып, орыс мектептерінің көбеюі мен мешіттердің орнына шіркеу тұрғызып, қазақтың түп-тамырына балта шабылып жатқанын осы кітапта көтерген. Кейін бұл кітаптың нұсқасы тарихшы Субихайдан табылған.



Музейде Ахметтің жары туралы дерекетрде бар екен.Ахмет Байтұрсынұлы мен жары Бадрисафа Музейде зиялының жары Бадрисафаның да хаттары, «Дала уәлаяты» газетіне жазған мақалалары бар. Бадрисафаның ұлты — орыс. Қазақ зиялысына тұрмысқа шыққаннан кейін ислам дінін қабылдаған, қазақша сауат ашқан. Кей деректерде Ахмет Байтұрсынұлы оны бір үйге жалданып жұмыс істеп жүрген жерінен көріп, өзіне жар еткен деп айтылады. Алайда ұлт зиялысының оқымаған әйелге үйленбеуі мүмкін емес деп дау айтатындар да бар.